

Алтын ордалық дәстүрлі тарихнаманың қалыптасуы мен ерекшеліктері

Меңдігүл С. Ноғайбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail:nmskaz1129@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0003-4093-1435>

DOI: 10.32523/2616-7255-2022-140-3-74-88

Аңдатпа. Мақалада Алтын Орда кезеңіндегі тарихи ой-сана мен тарих айту дәстүрі, дәстүрлі тарихнамасы зерттеледі. Далалық тарих айту дәстүрі мен жазбаша тарих дәстүрінің өзара байланысты, ерекшеліктері сарапталып, алтынордалық тарихнаманың (тарих айту, жазу дәстүрі) сипаты, қалыптасуы, сабақтастығы сарапталады.

Алтын Ордалық тарихи дәстүрдің қалыптасуының өзіндік ерекшеліктері далалық ауызша тарих айту дәстүрі мен жазба мәдениетінің қарым қатынасы мен сипатын зерттеумен айқындалады. Алтын Орда мемлекетінде қалыптасқан тарих айту мен жазу дәстүрі ауызша және жазба тарихи дәстүрдің синтезі ретінде ерекшеленеді. Өтеміс қажының, Әбілғазы бахадүр ханның шығармаларын Алтын Орда дәуірінде қалыптасып, дамыған тарих айту дәстүрінің нақты көрінісі деп бағалауға болады. Алтын Ордалық дәстүрлі тариханамаға ауызша тарих айту немесе фольклор үлгілерімен қатар жазба мәдениет туындылары да тән. Алтын Ордалық дәстүрлі тарихнаманың жазбаша тарихи дәстүрі сол кезеңде кең таралаған түркі мұсылмандық жазба дәстүрге сәйкес, бірақ ең алдымен ауызша тарих айту дәстүрінің ықпалында қалыптасқанын көреміз. Алтын Ордалық тарихнамалық дәстүрдің ерекшелігі ретінде тарихнамаға жекелеген рулар тарихы, жергілікті әулиелердің және аңыздарда бейнелеген танымал кейіпкерлерінің тарихын енгізу арқылы айқындалғанын тұжырымдай аламыз. Уақыт өте келе бұл дәстүр мұсылмандық әлем бейнесі мен тарихнамасына енгізілді. Бұл дәстүрдің таралуына және түркі халқының санасына енуіне оның фольклорлық, эпикалық жүйелерге жақындығы ықпал еткен.

Алтын Орданың дәстүрлі ауызша тарихнамасында XIII-XV ғасырлардағы тарихи оқиғалардың ішкі мәні мен өзіндік ерекшеліктері айқын көрінс берген. Дәстүрлі тариханама өкілдерінің шығармаларында тарихи болмыстың дүниетанымдық қырлары айқын, жекелеген детальдар мен фактілер уникалды болып келеді.

Түйін сөздер: Алтын орда; тарихи сана; дәстүрлі тарихнама; ауызша тарих; фольклор; жазба деректер.

Received 10 June 2022. Revised 20 June 2022. Accepted 31 July 2022. Available online 30 September 2022.

For citation:

Formation and features of the Golden Horde traditional historiography//Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2022. – Vol. 140. – №. 3. – P. 74-88. DOI:10.32523/2616-7255-2022-140-74-88.

Для цитирования:

Ноғайбаева М.С. Становление и особенности золотоордынской традиционной историографии// Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2022. – Т. 140. – №. 3. – С. 74-88. DOI:10.32523/2616-7255-2022-140-3-74-88.

Кіріспе

Алтын Орда кезеңіндегі тарихи ой-сана мен тарих айту дәстүрі, Алтын Орданың төл тарихнамасының ерекшеліктерін зерттеу маңызды. Ұзақ уақыттар бойы мүлде мойындалмай келген далалық тарих айту дәстүрі мен кейінгі кезеңдегі де жоққа шығарылып отырған жазбаша тарих дәстүрінің өзара байланысын, ерекшеліктерін сараптау, алтынордалық тарихнаманың (тарих айту, жазу дәстүрі) сипаты, қалыптасуы, сабақтастығын айқындау маңызды.

Алтын Ордалық тарихи дәстүрдің қалыптасуының өзіндік ерекшеліктері далалық ауызша тарих айту дәстүрі мен жазба мәдениетінің қарым қатынасы мен сипатын зерттеумен айқындалады. Еуразия төсінде құрылып, өз заманында халықаралық аренада шешуші факторға айналған, түркі мұсылман мәдениетінің, ғылым мен білімнің маңызды орталығы болған Алтын Орда мемлекетінде өзіндік тарих айту мен жазу дәстүрі қалыптасқаны заңды. Бүгінгі таңда Алтын Орданың дәстүрлі тарихнамасы немесе тарих айту дәстүрінің өзіндік ерекшеліктері, ауызша дәстүр мен тарихи дәстүрдің арақатынасы қандай болды деген сұрақтар ашық қалып отыр. Бүгінгі күнге дейін сақталған тарихи мәтіндердің мәліметтеріне сүйене отырып, Алтын Орда кезеңінен кейінгі, соның ішінде бүгінгі қазақ халқының дәстүрлі тарихнамасында сақталған аңыз-әңгімелер Жошы ұлысының тарихи дәстүрінің ықпалында болғанын айқын байқаймыз.

Алтын Ордалық тарихи дәстүр Жошы ұлысы мен оның кейінгі мұрагерлерінің этносаяси бірлігі туралы негізгі идеялардың қалыптасуының, әулеттік легитимділік, билік сабақтастығы, кландық және әлеуметтік иерархия параметрлерінің ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі.

Себебі, бүгінгі қазақ халқының тарихи жадына, әсіресе фольклор үлгілері арқылы (батырлық жырлар, аңыздар, етрегелер, шежіре және т.б.) Алтын Орда кезеңімен байланысты сюжеттер мен сарындар айқын сақталып қалған. Оның нақты көрінісі ретінде Шыңғыс хан, Жошы туралы аңыз-әпсәналар,

Едіге, Тоқтамыс хан туралы жырлар мен әңгімелер, олардың замандастары болған тұлғалар, батырлар мен билер, күйшілер, жыраулар тұлғасы халқымызбен бірге жасап келеді. Сонымен қатар, Алтын Орда шекпенінен шыққан түркі халықтарының этникалық бірлігі мен ортақ мұралары туралы тарихи сана да айқын сақталған. Бұл өз кезегінде бүгінгі зерттеушілер алдында осындай мол мұра мен тарихи ой сананың үздіксіз сабақтастығы қалай қалыптасты, қалай қамтамасыз етілді деген мәселелерді айқындау міндетін қояды.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Алтын Орданың дәстүрлі тарихнамасын ауызша тарих айту дәстүрі мен жазба мәдениет контекстінде қарастыру біртұтастық және интегративті тұрғының маңыздылығын анықтады, ал ол өз кезегінде гуманитарлық ғылымдар шеңберінде әрқилы зерттеу тәсілдеріне мән беруге мәжбүр етті. Бұл Алтын Орда тарихнамасын жан-жақты талдауға және оның өзіндік ерекшеліктерімен байланысты белгілерін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеудің методологиялық негізі тақырыптың ерекшелігі мен жұмыстың құрылымымен анықталады. Ғылыми зерттеуде жүйелілік, салыстырмалы-тарихи, тематикалық-проблемалы, тарихи-мәдени, герменевтикалық және құрылымдық-функционалдық талдау әдістері қолданылады. Проблемалы-тематикалық тәсілдің көмегімен зерттеу жұмысының негізгі мәселелері анықталады. Жүйелі тәсіл шеңберіндегі талдауда деректер тобы анықталады, дәстүрлі ауызша тарих пен этностың тарихи-дүниетанымдық түсінігінің құрылымдық-функционалдық бірегейлігі нақтыланады. Құрылымдық-функционалдық талдау Алтын Орда тарихнамасының негізін, бастау көздерін анықтауға жәрдемдеседі, сондай-ақ жазба дәстүрі мен ауызша шағырмашылықтың атқаратын қызметі мен негізгі сипатын ашады. Тарихи-мәдени зерттеулер мен оларды қолдану Алтын Орда тарихнамасына әсер еткен саяси, мәдени, этникалық және діни әсердің негізінде

қарастырылады. Тарихи-салыстырмалы тәсіл Алтын Орда тарихнамасының кейінгі немесе постанордалық тарихи дәстүрдің генетикалық және типологиялық бастауларын, олардың сабақтастығын қатар қарастырады. Аталған тәсілдердің шеңберінде аналитикалық жұмыс мағыналық басымдығын анықтайды.

Ұсынылып отырған мақалада шежіре, батырлық жырлар мен аңыздар В.П. Юдин ұсынған тұжырым бойынша «далалық ауызша тарих айту» дәстүрінің жарқын көрінісі болып табылатын Өтеміс қажының «Шыңғыс наме» және Әбілғазы баһадүр ханның «Түрік шежіресі» еңбектеріндегі мәліметтермен бірге талданады. Аталған еңбектерді В.П. Юдиннің 1992 жылғы аудармасы (Юдин, 1992) мен 2005 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көрген қазақ тілінегі аудармасы (Өтеміс қажы, 2005) және «Түрік шежіресінің» 1992 жылғы аудармасы (Әбілғазы, 1992) негізінде пайдаландық. Қазақ КСР ҒА Орталық ғылыми кітапханасының қорында сақтаулы қолжазбалар жинағынына қатысты мәліметтер (Қазақ КСР ҒА Орталық ғылыми кітапханасының қорында сақтаулы қолжазбалар жинағының библиографиялық көрсеткіші, 1975), батырлар жыры (Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. Батырлар жыры, 1975), XV-XIX ғасырлардағы ақындар шығармалары (Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы, 1985), ертегілер (Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы, 2003), «Бабалар сөзінің» жинағының материалдары (Бабалар сөзі, 2013) қолданылды.

Талқылау

Алтын Орданың дәстүрлі тарихнамасы мен тарих айту дәстүрі туралы 2009 жылы Қазана қаласында жарық көрген «Татарлар тарихы» еңбегінің 3-ші томында «тарихшылар арасында Жошы ұлысы туралы, бұл мемлекеттің «көшпелі халқының» өзінің жазбаша тарихнамалық дәстүрі болмады, тіпті оны қажет етпеді деген түсініктер көп тарады. Соңғы жылдары тарихи сана мен тарихи жад тек ауызша дәстүрде сақталды

және фольклорлық, ауызекі сипатқа ие болды деген пікір басымдыққа ие болды. Мұндай пікір Алтын Орда жабайы “жартылай көшпелі паразиттік мемлекет” болып саналған кезден басталады» дей келе, Алтын Ордалық дәстүрлі тарихнаманың негізінен ауызшадан гөрі, жазбаша дәстүрі басым болғандығы туралы тұжырым жасайды (История татар, 2005: 653). Дегенмен, Алтын Ордалық дәстүрлі тариханама туралы сөз еткенде оның екі нұсқада: ауызша да, жазбашада дамығанын есте ұсауға тиіспіз деп санаймыз. Сондай ақ жазбаша тарихи дәстүр сол кезеңде кең таралған түркі мұсылмандық жазба дәстүрге сайкес, бірақ ең алдымен ауызша тарих айту дәстүрінің ықпалында қалыптасқанын көреміз. Бәрімізге белгілі бірінші рет, белгілі қазақстандық зерттеуші В.П. Юдин «Шыңғыс-наме» еңбегін зерттеп, далалық ауызша тарихнаматуралық тұжырымын ұсынды (Юдин, 1992:25). В.П.Юдин жан-жақты зерттеген Өтеміс қажының «Шыңғыснамасы» дәстүрлі ауызша тарихқа құрылғаны мәлім. Зерттеуші: « ... Мәліметі жағынан маңыздылығы кем емес, кей жағдайда тіптен бірегей, сонысымен де теңдессіз құнды, мүлдем бөлек дерек түрі бар екенін көрсеткіміз келеді. Бұл далалық ауызша тарихнама (кейін ғалым «далалық ауызша историология» терминін ұсынды) – тарих субъектісінің өзінің өткені туралы жазды. Қазақстан тарихын қалпына келтіру екі тарихнаманың – кәдуілгі жазба, яғни отырықшы халықтардың мәдениетінің жемісі, және далалықтардың ауызша мәліметтерін қатар пайдаланудың нәтижесінде ғана жүзеге асады. Далалық ауызша тарихнама - Дешті Қыпшақ көшпенділерінің тарихи білімі. Біз үшін алдымен, Шығыс Дешті Қыпшақ монғол дәуірінен кейін көшпенділердің ортақ зердесінен дербестеле бастаған өлке болып табылады. Сол себептен оны не «ауызша дәстүр», не «аңыз», не «әпсана» деп түсіндіруге болмайды. Далалық ауызша тарихнаманы мифологияға, фольклорға, мысалы, батырлық жырларға теңеуге келмейді, өйткені фольклордың өзі далалық ауызша тарихнамадан нәр алған. Оны бейнелейтін шығармаларды далалық ауызша тарихнаманың деректері деуге болар еді.

Олар Дешті Қыпшақ көшпенділерінің тарихи білімдерінің «тараулары» - тарихи әңгімелердің жинақтары тәрізді. Бұл әңгіме – тараулардың «қара сөз», «ескі сөз», «көне аңыз» деген арнайы аты болған» (Юдин, 1992: 64-65).

Дәстүрлі ауызша тарихтың оратағасырлар кезеңіндегі жазба дәстүріне де ықпалы зор болды: «Ауызша тарихнаманың мәліметтері тарих ғылымында, жазба тарихнама деректерінен бөлектенбей-ақ жиі пайдаланыла береді. Мысалы, «Құпия тарих» - монғолдардың жазба нұсқаға айналған ауызша тарихнамасының ескерткіші. Атақты тарихшы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашидиі» ауызша тарихнаманың дерегіне сүйенген шығарма. Араб, парсы, түркі авторларының еңбектерінің көпшілігінен ауызша тарихнамаға барып тірелетін қомақты үзінділер немесе олардың тікелей жазба нұсқалары табылар еді» (Юдин, 1992: 65). Ғалымның бұл тұжырымы Ұлы дала төсінде өмір сүрген ата бабаларамызың өзіндік тарих айту дәстүрі бұрыннан қалыптасқанын, бұл дәстүрді тек фольклордың белгілі бір үлгілерімен ғана шектеуге болмайтындығын көрсетті. Далалық ауызша тарих айту дәстүрі тарихи сана мен жадтың айнасы екендігін дәлелдеді.

Анықтап айтқанда, далалықтардың өз алдына дербес ауызша тарихи білімі қалыптасқан. Бұл арада өткен тарихи дерек түрінің классификациясын, оның сақталуына байланысты зерттеу жүргізудің қисындылығы туралы жаңа мәселе туындайтындығын көріп отырмыз. Сонымен дәстүрлі ауызша тарих халықтың тарихи зердесі ретінде ғасырлар бойына бірге жасаған. Оның даму кезеңдерін шартты түрде төмендегідей жіктеуге болады: сақ-ғұн кезеңіндегі тарихи фольклор; түркі кезеңінің жәдігерлері; Алтын Орда, Ноғайлы заманындағы аңыздар, батырлық жырлар, жыраулар толғаулары, шежірелер; Қазақ хандығы тұсындағы ауызша тарихи білім турлері; отаршылдық кезеңіндегі дәстүрлі ауызша тарих туындылары. Әр кезеңде мұраның жекелеген түрлерінің өркендеуі немесе өзгеріске ұшырауы сақталды. Халықтың тарихи жадын өз ұғымына

сай зерделеу әрекеттеріне кеңестік саяси жүйенің орнығуы әсер еткені мәлім. Көріп отырғанымыздай.

Дегенмен, жоғарыда атап өткен жинақ авторлары «далалық» ауызша тарих айту дәстүрін Жошы ұлысының тарихи дәстүрінің бір бөлігі ретінде санаудан бас тартып, оның «қалалық», яғни, жазба дәстүріне баса назар аудару керектігі туралы мәселені көтерді (История татар, 2005:653). Алайда, соңғы жылдары жарық көрген зерттеулер мен әсіресе жазба деректерге деген жаңа көзқарасқа орай, Алтын Орда дәуіріндегі өзіндік тарихнамалық дәстүр қалыптасқанын, оның ауызша (фольклорлық) сипаты жазба дәстүрімен тығыз байланысты дамып қалыптасқаны туралы тұжырым жасай аламыз.

Қазіргі таңда осы бағытта жүргізіліп отырған зерттеулердің бірде біреуінде Алтын Орданың тарихи және тарихнамалық дәстүрлері қашан және кімнен бастау алғаны туралы нақты тұжырымдар жоқ. Дегенмен, Алтын Ордалық дәстүрлі тарихнама, оның күшеюі мен мұсылмандық дәстүрлердің қоғамдық санада басымдыққа ие болған тұсында айқындалған болуы керек деп санаймыз. Себебі, «Моңғолдың құпия шежіресі» мен шыңғыстық идеология шеңберінде қалыптасқан тұжырымдар бірте-бірте мұсылмандық дәстүрмен үйлесімге түсе бастады. Одан әрі «қыпшақтану» барысында «жергіліктендіру» процесі күшейді.

Осылайша Шыңғыс хан мен оның ұлы Жошы (культін) исламдық құндылықтарға бейімдей отырып, Алтын Ордалық билеуші әулет мұсылмандық сакрализация және саяси билікті заңдастыру жүйесіне қосыла бастады. Тарихи дәстүрде көрініс тапқан, «интуитивті саяси әрекет» сипатына ие болған бұл процестің мағынасын «Ислам парадигмасындағы түркі-моңғол дәстүрі» формуласымен сипаттауға болады. Кейбір авторлар билеушіге танылған киелілік сипат мифологизацияланды деп санайды (Скрынникова, 1997: 100-148).

Алтын Ордалық тарихнамалық дәстүрдің ерекшелігі ретінде тарихнамаға жекелеген рулар тарихы, жергілікті әулиелердің және аңыздарда бейнеленген танымал

кейіпкерлерінің тарихын енгізу арқылы айқындалғанын тұжырымдай аламыз. Бұл дәстүрдің дамуының негізгі тенденциясы оның мұсылмандық элементтермен (әсіресе XV-XVI ғғ. Берке мен Өзбек хандардың исламды қабылдағаны туралы мәліметтер, әулиелердің өмірбаяндары, Едігенің арғы тегін Пайғамдарға әкеліп тіреуі және т.б.) бірте-бірте толығуы болып табылады. Уақыт өте келе аталған дәстүр мұсылмандық әлем бейнесі мен тарихнамасына енгізілді. Бұл дәстүрдің таралуына және түркі халқының санасына енуіне оның фольклорлық, эпикалық жүйелерге жақындығы және Жошы ұлысындағы әрбір кланның нақты аймақтық шеңберінің болуы ықпал етті (DeWeese, 1994: 321-408).

Ал, қазақстандық белгілі ғалым Ә.К. Муминовтың зерттеулерінде ханафи мазхабын ұстанушы ғұлама ғалымдардың исламның жергілікті мәдени дәстүрлермен қарым-қатынасындағы рөлі, оның түрлі антикалық топтармен адаптацияға түсуі, экономика, мәдениет пен салт-дәстүрдегі ерекшеліктері көрсетілген. Ислам өркениетінің дамуына ықпал еткен Алтын Орда кезеңінде өмір сүрген ғұламалардың өмірбаяндық деректері берілген (Муминов, 2015). Бұл зерттеулер өз кезегінде біздің алтынордалық дәстүрлі тарихнаманың ислам ықпалында жергілікті түркі мұсылмандық дәстүр негізінде дамығаны туралы тұжырымызды негіздей түсуге көмектеседі.

Алтын Орданың дәстүрлі тарихнамасы туралы сөз қозғағанда қазақ халқының таихи жадымен сабақтастығы туралы мәселені атап өту қажет. Шоқан Уәлиханов ауызша тарих айту дәстүрінің үлгілерін кең қолданған. Өз халқының дүниетанымы мен өткен тарихын жақсы білген ғалым тарихтың тума болмысын нақты береді. Ғалым оларды тарихи аңыздар, аңыз - хикаяттар, жыр, тарихи жыр шежіре (XVIII ғ. батырлары туралы тарихи аңыздар»; «Ұлы қырғыз-қайсақ ордасының аңыздары мен әпсаналары»; «Абыла», «Қырғыз шежіресі») деп атап көрсетіп ізденістерін қалдырды (Валиханов, 1995). Ш.Уәлиханов еңбектерінде осы мәселеге қатысты «халық жады» («народная память»)

деген сөз тіркесін жиі қолдануы байқалады. Мұның өзі зерттеушінің халықтың ауызша руханияты түрлі атаулармен аталғанымен, бәрі бірігіп халықтың біртұтас тарихи зердесін құрайтынын түсінгендігі десек керек.

Мұхамеджан Тынышбаев ұлт тарихын ауызша тарих айту дәстүрінің ізімен ғылыми тұрғыдан зерттеді (Тынышбаев, 1925). Ә.Марғұланның: « ... Қазақ эпосында басқа тарихи жағдайда қалыптасқан өзге халықтардың эпосында кездесетін негізсіз фантастика мен мәнерленген мифологиялық әшекейлер жоқ. ...Қазақ эпосы халықтың жалында мықтап орын алған тұтас тарихи оқиғалардың немесе тұрмыс жағдайларының ұрпақтан ұрпаққа берілген жырлы әңгімесі болып шығады. Қазақ эпостары тарихи фактілер мен тұрмыс болмыстарын калпына келтіруде, көрсетуде жылнамалық жазбалардан кем түспейді, ол халықтың жазу - сызуы жоқ кезеңде оны алмастыра алған. Ондағы оқиғалардың шындықтан ауытқымағанын тарихи әдебиеттер де дәлелдеп береді. Бұл дәлдік әсіресе эпикалық аңыздар мұрагерлік жолмен жыршы әкеден, жыршы балаға тікелей берілген кезде толық сақталған» (Марғұлан, 1985:37) деген тұжырымын мақаланы жазу барысында басты назарда ұстадық.

Белгілі ғалым, И.В. Ерофееваның соңғы зерттеулерінің бірінде Алтын Орда ханы Жәнібектің бейнесін (халық жадындағы өз Жәнібек хан) қазақ фольклорының мәліметтерімен тығыз байланыстыра отырып қарастырды. Алтын Орданың исламдану үдерісіндегі Жәнібек ханның орны мен рөлі туралы тың тұжырым жасайды. Мақалада сопылық культ негізінде Жәнібек хан бейнесінің қазақ жадындағы сакрализациялану үдерісі далалық тариханаа үлгілерін талдау негізінде тұжырымдалған (Ерофеева; 2021;149-165). Ал, Ж. Сабитов «Едіге» жырындағы басты қаһармандарының (Едіге мен Тоқтамыс) тасасында қалып келе жатқан тұлғалар тарихына назар аударған (Сабитов, 2019; 97-112). Солардың ішінде кейбір тұлғалардың Моғолстан тарихындағы адамдардың прототипі ретінде көрінуі туралы тұжырымдары бізге дәстүрлі тарихнаманы

арнайы толық зерттеу қажеттілігін айқындай түседі.

Осылайша, Алтын Орда мемлекетінің дәстүрлі тарихнамасының ерекшелігі ретінде өз тарихын ежелгі түркілік дәстүрлермен байланыстыра отырып, шыңғыстық идеология мен мұсылмандық дәстүрдің өзара астасып кетуімен айқындалатынын тұжырымдаймыз.

Нәтижелер

Дәстүрлі ауызша тарихтың басты қызметі тарихи сананы сақтау мен ұрпақтан ұрпаққа жеткізу болғаны айқын. ХІҮ-ХҮІ ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында орын алғаноқиғалар ауыз әдебиеті үлгілерінде жан-жақты сақталған. Бұл мәліметтерді жазба деректермен салыстырсақ, онда дәстүрлі тарихнамада халық жады мен болмысын айқын көрсететін детальдар мен пікірлер басым екендігін көреміз.

Мысалы, атақты «Қырымның қырық батыры» циклдық жырлары Алтын Орда таихымен тығыз байланысы бар барлық түркі халықтарының бәріне ортақ. Зерттеуші А.Исин «Ноғайлы» дәуірінің батырлық жырларының бірқатарының туған мезгілдерін, «Ноғайлыдан» тараған халықтардың қайсысынан кездесетінін көрсетті. Мәселен, «Едіге жыры» қазақ, ноғай, қарақалпақтарда бар болса, «Нұраддин» жыры (XV ғ. орт. тек қазақтарда, «Мұса хан» «Жаңбыршы батыр» - қазақтарда (XVI ғ. орт.), «Телағыс батыр» (XVI ғ. орт.) - қазақтарда, «Шора батыр» (XVI ғ. II-ж.) - қазақта, ноғайда (Шора батыр), қарақалпақта (Ер Шора), «Орақ-Мамай» (XVI ғ. II-ж.) - қазақта, ноғайда (Мамай), «Қарасай-Қази»-(XVI ғ. соңы) - қазақта, «Әділ сұлтан» XVI ғ. соңы-XVII ғ. басы, ноғайда (Әділ-Солтан), «Орманбет би (XVII ғ. I-ж.) – қазақта, ноғайда (Орманбет би), қарақалпақта (Орманбет-би), Ер Тарғын (XVII ғ. I-ж.) - қазақта, ноғайда (Ер Тарғын), «Қарғабойлы Қазтуған батыр» (XVII ғ. I-ж.) - қазақта, «Қазы-Туған»-ноғайда бар (Исин, 2004:37). Бұдан басқа қазақтарда осы циклға жататын «Қыдырбайұлы Қобыланды» (XV ғ.), «Көкше батыр», «Көкшенің ұлы ер Қосай» (XV-XVI ғ.), «Манашы», «Манашыұлы Тұяқбай» (XVII ғ.); ноғайда «Қопланды батыр»

(XV ғ.) «Манаша», «Манаша оглы Туяқбай», «Эр Косай», «Эр Кокше» (XVI ғ.), «Манаша», «Манаша оглы Туяқбай» (XVII ғ.) жырлары кездеседі (Исин, 2004).

Жалпы, біз қарастырып отырған тұста, яғни Алтын Орда мемлекетінің ең күшейіп, гүлденген тұсы Өзбек хан билігі кезінде-ақ мемлекеттің болашақ дағдарысының шарттары пісіп-жетіле бастаған болатын. Соның бір көрінісі жергілікті ру-тайпалардың басшылары болып келетін әмірлер билігі мен ықпалының күшейе түсуінен көрінеді. Міне, осы тұста Алтын Орда халқын құраған ірі тайпалардың ықпалы өсе түседі. Сондықтан жергілікті ру-тайпа өкілдерінен шыққан тарихи тұлғалар басқа да тайпа көсемдерінің қолдауына сүйеніп, жоғарғы билікке ұмтыла бастайды. Бұл процесс, әсіресе, Алтын Орда тарихындағы «дүрбелең кезең» деген атпен белгілі 1360-1380 жылдар аралығында айқын көрініс берді. Алтын Орданың оң қанатындағы қыйат Мамай, қожа Шеркеш және т.б. әмірлер сарайдағы билікке ұмтылса, сол қанаттан Қызыр, Орда-Мелик-шейх, Темір-қожа, Мүрид, Ерзеннің ұлы Қасым хан, Шымтайдың ұлы Орыс хан сияқты Жошы ұрпақтары Ақ Орда мен Алтын Орданы біріктіруге, өз биліктерін орнатуға ұмтылады. Ал 1370-шы жылдардың аяғында сарай тағы үшін күрес Орыс хан мен Мамай арасында өріс алады. Осы тұста Орыс ханның бас әмірі болған Балтықшаның баласы әмір Едігенің де саяси мансабы басталады. Әрине, Едіге есімі келесі бір билеуші Тоқтамыс есімімен тығыз байланысты. Орыс ханның және оның мұрагерлерінің басты жауына айналған Тоқтамыс әмір Темірдің көмегімен Орыс хан мұрагерлерін жеңіп, Ақ Ордадағы билікті иеленгені белгілі. Бұл тарихи оқиғалар ортағасырлық жазба дерекремең қатар, Алтын Орданың дәстүрлі тарихнамасында кең көрініс берген. Соңғыларында оқиғалар анық, егжей тегжейлі, әрі барынша дәл сипатталады.

Едіге негізінен маңғыттарға, қоңыраттарға, алшындарға арақа сүйеген болуы керек деп айта аламыз. Себебі маңғыттар оның өз руы, ал қоңырат деп көрстүіміздің бір себебі кейде деректерде Едігені қоңырат руынан

деп көрсетеді. Ал, алшындардың да Едігені қолдаған тайпалардың бірі болғандығын ауызша тарих айту дәстүрінің мәліметтері немесе дәстүрлі тарихнамада дәлелдей түседі.

Енді пікірімізді рет-ретімен дәлелдеп көрейік. Өтеміс қажының мәліметтеріне сүйенсек Ақ Орда әмірі Балтықшаның ұлы Едіге алғашында Орыс ханның Тоқтамыс пен Темірге қарсы күресінде Орыс ханды жақтайды. Бірақ арасында қарсы жаққа да өз қызметін көрсетіп отырады, бірақ соңында Тоқтамыс пен Темір жағына өтіп, Тоқтамыс әкесін өлтіргеннен кейін әмір Темірмен жақындасады. Бірақ, тағы да көп ұзамай Темірдің нөкері болудан бас тартады. Осылайша, ол Жошы ұрпағы Темір-Құтлықты қолдап, Тоқтамысқа қарсы күресін бастайды. Деректерде Тоқтамыстың арқа сүйеген негізгі елі ретінде «шырын, барын, арғын, қыпшақтар» аталады (Юдин, 1992:115). Ал оған қарсы күрескен Едігені әрине оның өз елі маңғыттармен қатар өзге де ру-тайпа өкілдері де қолдағандары белгілі. Солардың қатарында алшындар да бар. Бұл туралы нақты жазба деректер сақталмағанымен, ауыз әдебиеті үлгілері мәліметтері бірқатар тұжырым жасауға мүмкіндік береді деп есептейміз. Мысалы, Едіге жырының Ш.Уалиханов жазып алған нұсқасында Алшын атасы Көкжалды мерген туралы оқиға баяндалады (Едіге, 1996: 52).

Бұл үзіндіден төмендегідей маңызды қорытынды жасауға болады деп ойлаймыз. Алғашқысы Алшын атасы Көкжалды мерген туралы мәлімет. Мұндағы Көкжалдың руы алшын емес, керісінше ол Алшынның арғы атасы ретінде аталуы, алшын тайпалық бірлестігінің XIV ғасырдың аяғында әлі қалыптасу процесін басынан өткеріп жатқанын көрсетсе керек. Басқаша айтқанда кейінірек Алшын тайпалық бірлестігін құраған Байұлы, Қаракесек рулар бірлестігіне кірген ру-тайпалардың бірқатары жеке-дара өзіндік қалыптасу, даму тарихын басынан өткеріп, бұл кезеңде толық Алшын одағын құрай қоймағанын байқаймыз. Бұл пікірімізді жоғарыда келтірілген үзіндіде кездесетін жер-су атаулары да нақтылай түседі. Ежелден Еділ

мен Жайық арасын мекендеп келе жатқан Байұлы, Қаракесек рулары негізінен бір кездері ноғайлар деген жалпы атаумен көбірек белгілі болған. Дегенмен Алшын тайпалық бірлестігінің, соның ішінде Қаракесектердің толық қалыптасу процесі Алтын Орда мемлекетінің ыдырау кезеңі, әсіресе Ноғай Ордасының тарихымен тығыз байланысты екендігі айқын мәселе. Сондықтан болар Едіге жырының кезінде Ә.Диваев жазып алған нұсқасында Едігені Тоқтамыс хан алдап шақырып алып, қас қылып өлтірмекші болып жатқанда, оның аман-есен құтылып кетуіне Алшыннан шыққан Аңғысын досы көмек береді (Едіге, 1996: 126-127). Аңғысын бейнесін белгілі бір тарихи тұлғамен байланыстыру қиын. Дегенмен онымен қатар жырда көбірек аталатын Едіге, Тоқтамыс хан, Әмір Темір, Сыпыра жырау нақты тарихи тұлғалар екендігі анық жай болса, Алшын Аңғысын кім еді деген сауалға жауап іздеп көрелік. Ортағасырлық авторлардың бірі Ибн Арабшахтың еңбегінен халық аузында сақталған Едіге туралы жырда баяндайтын оқиғаны кездестіреміз. Едіге жырының әртүрлі нұсқасында ол Тоқтамыс ханның той үстінде өзін өлтірмек болған әрекетінен жақын досы Алшын Аңғысынның көмегімен қашып құтылатын тұсы қайталанады. Ал ибн Арабшахтың шығармасында да бір той үстінде Едіге Тоқтамыстың өзін өлтіретінін сезіп қалып, сылтауратып далаға сытылып шығып қашып құтылғаны баяндалады (Тизенгаузен, 1884: 458). Бұл жерде Аңғысын жайлы ешбір мәлімет берілмейді. Бірақ Едігенің әмір Темірге аттануға шешім қабылдап, Тоқтамыстың құрған торынан қашып шыққан тұсында сенімді бір адамына өзінің Темірге аттанып бара жатқанын, кімде-кім оны издесе, сол жерден табатынын, бірақ бұл құпияны ол көздеген жеріне аман-есен жеткенше ешкімге айтпауы керектігін айтып кетеді (Тизенгаузен, 1884: 458). Ибн Арабшахтың шығармасында аты нақты аталмай қалған бұл адам жырда айтылатын Алшын Аңғысын емес пе? – деген ойға жетелейді.

Едіге жырының әртүрлі нұсқалары мен Ибн Арабшахтың еңбегіндегі біз талдап отырған эпизодтың шын мәнінде орын алған тарихи

оқиға екендігін кезінде М.П. Мелиоранский де атап көрсеткен еді (Мелиоранский, 1905: 17).

Дегенмен В.В. Бартольд 1393 жылғы жарлықтың мәліметтеріне сүйене отырып, Едіге әмір Темірге Тоқтамыстың қастандығынан тойдың үстінен қашып барған емес, керісінше 1391 жылы өзіне қарсы бас көтерген Алтын Орда ханзадаларының көтерілісіне байланысты Тоқтамыс Едігені өз атынан әмір Темірге жіберген деп тұжырымдайды (Бартольд, 1963: 736). Әрине, халықтың жадында ауыздан-ауызға көшу арқылы жеткен жырларда кейбір сәйкессіздіктер орын алуы мүмкін, бірақ жалпы тарихи оқиға желісі сақталатыны, тіпті кейде жазба деректерге түспей қалған құнды мәліметтер кездесетіні дау туғызбаса керек.

Сонымен Алшыннан шыққан Аңғысын тарихта болған шынайы тұлға екендігіне күмән келтіру қиын. Себебі халық жадында сақталған жыр-дастандарда көбінесе тек ерлігімен, ерекше бір қасиеттерімен ғана ерекшеленген тұлғалардың атанып, жырланатыны белгілі жайт.

Жырдағы негізгі кейіпкерлердің бірі ретінде ел есінде сақталған алшын Аңғысын батыр есімін жазба деректерде аттары кездесетін тұлғалармен байланыстырып көруге әрекет жасадық. Осы орайда XVI ғасырда жазылған Өтеміс қажының «Шыңғыс наме» атты шығармасынан төмендегідей мәліметтерді кездестірдік. Алтын Орда ханы Тоқта хан (1290-1312) билікті сүйікті ұлы Елбасарға қалдыру үшін басқа ұлдары мен Бату ханнан тараған өзге ханзадаларды қырып салады. Бірақ тағдыр ісімен Елбасар әкесінен бұрын ерте өмірден озады. Ендігі тұста Тоқта ханнан кейін Алтын Орда тағы Жошының өзге ұрпақтарына өтетіні белгілі болады. Мұны сезген хан өзегі өртеніп, қайғыға батады. Осы кезде Византия ханшайымы, кезінде Тоқта ханның өз қолынан қаза тапқан Тоғрылдың жесірі, әмеңгерлік жолмен Тоқтаға әйел болған Келин-Байалин бір құпия сырды ашады. Оның Тоғрылдан туылған, Тоқта ханның қаһарынан қорыққан Шеркес тауына тығып қойған ұлы Өзбек тірі екен. Хан бұл хабарды естіп, қуанғаннан Келин-Байалинге 2 түмен әскер сыйлап, баланы алдыру үшін қыйат Исатай

мен анджут Алатай басқарған 4000 адамды аттандырады. Бірақ, аталған әскер Өзбекті алып келгенге дейін Тоқта хан қайтыс болады. Осы сәтті пайдаланған аталық Тоқты Баджир Тоқбұға ұйғыр сарайдағы билікті басып алады. Бұл туралы естіген Өзбек және оның серіктері Сарайға адам жіберіп, өздерінің оның билігін мойындайтындықтарын білдіреді. Ал, өз кезегінде Баджир Тоқбұға ұйғыр да «мен Өзбек келгенге дейін басқа біреу тақты иеленіп кетпесін деп осылай істеуге мәжбүр болдым. Менің әміршімнің ұлы тірі тұрғанда, менің билікті иеленуіме жол бар ма? Билеушім келсін. Халық та, хандық та оған тиесілі» деген жауап қайтарады. Ал, шын мәнінде өзі Өзбектің көзін қалай жоюды ойластырады. Сангусун атты бір әмір қыйат Исатайға бұл ұйғырдың шын ниетінің сырын ашып қояды. Сондықтан Өзбек хан және оның серіктері ордаға басып кіріп, сатқынның басын алады (Юдин, 1992: 104).

Жоғарыда келтірілген мәліметтердің ішінде бізге керектісі Сангусун есімді әмір. В.П. Юдин «XIV ғасырағы қазақ даласындағы биліктің тайпа билеріне және Тоқа-Темір ұрпақтарының белгісіз әулетіне көшуі» атты мақаласында Сангусунды Әбілғазының «Түрік шежіресінде» айтылатын Жәнібек хан тұсындағы ұйғыр Санклы-Синмен бір адам деп қарастырады (Юдин, 1992: 70-71). Зерттеуші ауызша тарихнама айту дәстүрі дала дәстүрі бойынша тарихта өзіндік ерекшеліктерімен ел жадында қалған тұлғалар жайлы мәліметтерді ұрпақтан-ұрпаққа үзбес жеткізіп отыратын ерекшелігін атап өте отырып, Сангусунды Жәнібек ханның түркімендерге басшы ретінде тағайындаған ұйғыр Санклы-Син екендігін алға тартады. Әрине, Сангусун Санклы-Син атауымен өзара үндес екендігін ескерсек, бұл атаудың Аңғысын деген аттың сәл өзгертіліп жазылған түрі де болуы әбден мүмкін екендігін мойындауымыз қажет. Сондықтан Сарай тағын жаулап алып, Алтын Орданы «қуыршақ» хандар арқылы басқаруды жүзеге асырған Едіге тұсында алшындар да батысқа қарай жылжыған, әрі олар көп ұзамай үлкен беделге ие, ықпалды тайпалардың біріне айналады. Сондықтан да бірте-бірте алшын

атауы кейінгі бүкіл Кіші жүз руларының ортақ атауы ретінде қабылданған болуы керек «Қырымның қырық батыры» атты батырлық жырлар топтамасында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағын мекендеген ру-тайпалар «ноғайлы» атанған. Ауық әдебиеті үлгілерінде ноғайлы елін «тоқсан баулы ноғайлы» деп атауда жиі кездеседі.

Алтын Орда тарихындағы «дүрбелең кезеңнен» кейін басталған әлсіреу кезеңінде Едіге мен оның ұрпақтары билеген маңғыттар немес ноғайлар да оқшаулана бастады.

Зерттеушілер Ноғай Ордасының негізгі халқын құраған ру-тайпалардың этникалық құрамын талдай келе олардың кейінгі түркі халықтарымен, соның ішінде қазақтармен этникалық байланыстарын анықтаған. Түркі тектес тайпалар бірлестігін құраған қыпшақтар, қаңлылар, қоңыраттар, наймандар, керейлер, үйсіндер, кенегестер, арғындар, алшындар және т.б. кейінгі түркі халықтарының этникалық құрамын кірді. Бұл жағдай алтынордалық дәстүрлі тарихнамада айқын көрініс берген.

Алтын Орда мемлекетінде орын алаған этносаяси үдерісер нәтижесінде XV ғасырдағы Дешті Қыпшақ тайпаларының жаңа этникалық негізі қалыптасып бітті (Федоров-Давыдов, 1966: 248). Ноғайлы-қазақ дәуіріндегі өзара тығыз байланыстар, әсіресе этникалық туыстығы халық есінде ауыз әдебиетінің үлгілері арқылы жақсы сақталған. Ш.Уәлиханов Алтын Орда ханы Жәнібек тұсындағы қазақ пен ноғайдың іргесі ажырамай отырған кезең қазақ жырларында соншалықты бір сағынышпен «алтын ғасыр» ретінде жырланатынын жаза отырып, Ормамбет би қайтыс болғаннан кейінгі қазақ пен ноғайдың арасының үзілуі осы күнге дейін кіші жүз қазақтарының ақсақалдардың көзіне жас келтіретінін атап өтеді (Сочинения Ч.Ч. Валиханова, 1904: 304).

«Қырымның қырық батыры» атты батырлар жыры топтамасына кіретін Алшын Алау батыр дастанында алтын Ордалық дәстүрлі тарихнамада қазақ-ноғай бірлігі немесе қазақтың кіші жүзін құрап отырған Алшындардың ноғай этносаяси қауымдастығымен тығыз байланыстылығы

айқын көрініс берген. Қазақ шежіресі бойынша Шекті Тілеу батыр Айтұлы (1630-1684 жж.) мен оның ұрпақтарының арғы тегі Едігеден таратылады.

Шежіре бойынша Тілеу батырдың әкесі Айт, оның әкесі Бөлек. Ал, Бөлектің әкесі Мәку (Қалу) шежіреші қарттардың айтуы бойынша, Едігенің бесінші ұрпағы Сейдахметтен (Сейдақтан) туылған. Сейдақтың тегі өз кезегінде: Едіге → Нұраддин → Оқас → Мұса → Сейдақ болып келеді (Тынышпаев, 1925: 59-60).

Ел аузында сақталған шежіре деректері бойынша Мәку тынышсыз заманда отбасынан айрылып, Жаманақтың үлкен ұлы Шыңғыстың қамқорлығына өткен. Жаңа отбасында Қалу атанып, оның Бөлек атты ұлынан Айт, Бұжыр, Алатай тарап, Шекті атадан қсіп өнген ұрпаққа айналады (Елеусізұлы, 2001:18-19).

Тарихи деректерде Едігенің руы маңғыт, кейде қоңырат деп берілген. Шыңғысты идеология әлсіреп, тарихи сана мен түсінікте түркі-мұсылмандық таным қайта өріс алған тұста Едігенің тегі мұсылмандық киелі тұлғаларға теліне бастайды. «Едіге» жырының барлық нұсқалары дерлік оны Баба Түкті Шашты Әзиз бабаның баласы еді деп жырлайтыны белгілі. В. Трепавлов талдап көрсеткендей бар материалдарда Сейдақтың ұлдарының есімі Сүйіндік, Жауғашты, Машай, Атай, Кел-Мұхаммед деп берілген (Трепавлов, 2002: 656). Жоғарыдағы Мәку – Мамай, Сәре – Сүйіндік болуы да мүмкін. Юұл шежіре дерегі қазақ-ноғай этникалық байланыстарының халық санасындағы жаңғырығы. Дәстүрлі тарихнаманың ерекшелігі қазақ ру-тайпаларының басынан өткерген тарихи оқиғаларды ізін нақты сақтап қалғандығымен ерекшеленеді. Бұл Ноғай Ордасы ыдырай бастаған замандардағы Кіші жүз ру-тайпаларының жаппай Қазақ хандығына қосылуы кезеңінен хабар береді.

Кіші жүз қазақтарының арасында Едіге және оның ұрпақтары жайлы поэмалар циклының өте жақсы сақталып қалуы (Жирмунский, 1974: 377-392). әдебиетте «қазақ-ноғайлы» дәуірі деп аталатын тұтас кезеңдегі қазақ-ноғай этникалық байланыстарының нәтижесі.

Дәстүрлі тарихнаманы талдай келе, біз өз кезегімізде Кіші жүз құрамындағы ру-тайпалардың, соны ішінде алшын тайпалық бірлестігінің «алтыұл» ұлысы негізінде қалыптасқан деп санаймыз. Деректерде Едіге мен оның ұрпақтарының «ұлыс адамдарының» ру-тайпалық шағу тегі туралы мәліметтер көптеп сақталған. Бұл мәліметтерді талдасақ, олардың тең маңыттар ғана емес екендігіне айқын көз жеткіземіз (Трепавлов, 2002: 290).

XIV-XV ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақ аумағын мекендеген ру-тайпалар «көшпелі өзбектер» этносаяси қауымдастығын құрады. Ортағасырлық деректер бойынша олар өз ішінде: маңғыттар, шибандықтар және қазақтар болып бөлінді. Т.И. Сұлтанов Өзбек ұлысының ру-тайпалық құрылымын «92 баулы өзбек» тайпаларының тізімі келтірілген жазба деректерді талдай келе анықтаған болатын (Султанов, 1982: 29-33). Ноғайлар тарихын арнайы зерттеген В.В.Трепавлов олардың ру-тайпалық құрамын құраған 70 ру-тайпаны анықтаған. Осы 70 ру-тайпа атауы 92 ру-тайпамен толық сәйкес келеді. Олар: алшын, бадай, баяут, бүркіт, бутас (баташ), жалайыр, джыйыт (джуют), дурман, қаңлы, керейіт, қыпшақ, қырғыз, қырк, қытай (хытай), қият, қоңырат, маңғыт, меркіт, минг, найман, онгут, сарай (сарайшық), тама, түркмен, уймауыт, тургак, казак, үйсін, калджут, кулачи, телеу, уйгур, чимбай (Трепавлов, 2020).

Кейінгі кезеңде ноғай этносаяси қауымдастығын құраған ру-тайпалар қазақ, қарақалпақ, башқұрт, ноғай және т.б. халықтардың құрамына енді. Қазақ-ноғай байланыстарын зерттей келе А. Исин басқа қазақ ру-тайпаларымен салыстырғанда алшындар ноғай мен қазақтан басқа түркі халықтарының құрамында кездесе қоймайтындығы турады тұжырым жасаған. Зерттеушінің ноғай, қазақ, қарақалпақ, өзбек-қыпшақ, башқұрт және қырғыздардың құрымындағы ру-тайпалардың деректер бойынша «көшпелі өзбектер» мен Ноғай Ордасының ру-тайпалары ретінде аталатын ру-тайпалық құрылымының сәйкестігін анықтауға арналаған кестесінде Шығыс Дешті Қыпшақтық «көшпелі өзбектер» құрамында кездесетін алышндардың тек ноғайлар

мен қазақтар құрамында ғана кездесетінін көруге болды (Исин, 2004: 20). Осы орайда зерттеушінің өзі де ноғайлардың құрамында болған Алшындардың ірі тайпалық бірлестігі XIV ғасырдың екінші жартысында-ақ қазақтарға қосылған болуу керек деп тұжырымдайды (Исин, 2004: 26).

Шығыс Дешті Қыпшақтағы ру-тайпаларының жиынтық атулары жазба және ауызша деректерде қыпшақ, өзбектер деп аталып, «92 баулы қыпшақ», «92 баулы өзбек», «92 баулы ноғай» деген атаулар кең қолданылған.

«Отыз екі баулы өзбек», «Тоқсан екі баулы қыпшақ» атты сөз тіркестері қазақ халық ауыз әдебиеті үлігілерінде кең таралған (Потанин, 1917: 54-64). Ал Мұрын жыраудан жырлаған «Қырымның қырық батыры» атты батырлық жырлар топтамасында ноғайлының ру-тайпаларын «тоқсан баулы ноғайлы» деп атуы жиі кездеседі (Қазақ халық әдебиеті, 1989: 26, 159, 161, 307, 321).

«Маджму ат-таварих», «Тухфат ат-таварих» және бірқатар жазба деректерде 92 баулы өзбек тайпаларының құрамын ікрген ру-тайпалар нақты аталған (Материалы по истории Киргизов и киргизии, 1973: 210-213, 12, 129-131). Осы деректердегі мәліметтерден біз кейін қазақ халқын құраған тайпаларды кездестіреміз.

Қорытынды

Алтын Орда кезеңіндегі тарихи ой-сана мен тарих айту дәстүрі, Алтын Орданың төл тарихнамасының ерекшеліктерін зерттеу маңызды далалық тарих айту дәстүрі мен кейінгі кезеңдегі де жоққа шығарылып отырған жазбаша тарих дәстүрінің өзара байланысты, ерекшеліктерін сараптау, алтынордалық тарихнаманың (тарих айту, жазу дәстүрі) сипаты, қалыптасуы, сабақтастығын айқындауда маңызды олып табылады.

Алтын Ордалық тарихи дәстүрдің қалыптасуының өзіндік ерекшеліктері далалық ауызша тарих айту дәстүрі мен жазба мәдениетінің қарым қатынасы мен сипатын зерттеумен айқындалады. Алтын

Орда мемлекетінде қалыптасқан тарих айту мен жазу дәстүрі ауызша және жазба тарихи дәстүрдің синтезі ретінде ерекшеленеді. Өтеміс қажының, Әбілғазы баһадүр ханның шығармаларын дәстүрлі Алтын Ордалық тарихнаманың туындылары деп қабылдау керек деп санаймыз. Себебі, бұл шығармалар жазылу уақытына қарамастан, сол Алтын Орда дәуірінде қалыптасып, дамыған тарих айту дәстүрінің нақты көрінісі деп бағауға болады. Алтын Ордалық дәстүрлі тариханаға ауызша тарих айту немесе фольклор үлгілерімен қатар жазба мәдениет туындылары да тән. Алтын ордалық тарихнамалық шығармаларға Бүгінгі күнге дейін сақталған тарихи мәтіндердің мәліметтеріне сүйене отырып, Алтын Орда кезеңінен кейінгі, соның ішінде бүгінгі қазақ халқының дәстүрлі тариханамасында сақталған аңыз-әңгімелер Жошы ұлысының тарихи дәстүрінің ықпалында болғанын айқын байқаймыз.

Алтын Орданың дәстүрлі тарихнамасын ауызша тарих айту дәстүрі мен және жазбаша мәдениет контекстінде қарастыру біртұтастық және интегративті тұрғының маңыздылығын анықтады, ал ол өз кезегінде гуманитарлық ғылымдар шеңберінде әрқилы зерттеу тәсілдеріне мән беруге мәжбүр етті.

Ұсынылып отырған мақалада шежіре, батырлық жырлар мен аңыздар В.П. Юдин ұсынған тұжырым бойынша «далалық ауызша тарих айту» дәстүрінің жарқын көрінісі болып табылатын Өтеміс қажының «Шыңғыс наме» және Әбілғазы баһадүр ханның «Түрік шежіресі» еңбектеріндегі мәліметтермен бірге талданады.

Алтын Ордалық дәстүрлі тариханама туралы сөз еткенде оның екі нұсқада: ауызша да, жазбаша да дамығанын есте ұсауға тиіспіз деп санаймыз. Сондай ақ жазбаша тарихи дәстүр сол кезеңде кең таралаған түркі мұсылмандық жазба дәстүрге сайкес, бірақ ең алдымен ауызша тарих айту дәстүрінің ықпалында қалыптасқанын көреміз. Дәстүрлі ауызша тарихтың ортағасырлық жазба тарихнамаға сіңіскені соншалықты, соңғысы ғылымда әбден белгілі болғанымен оның өз дерек қорына мән берілмей қалады. Алтын ордалық дәстүрлі тарихнаманың ерекшелігі

ретінде жазба түрінде қалыптасып бізге жеткен шағырмаларда да негізгі ақпарат көзі далалық ауызша тарих айту дәстүріне барып тірелетінін айқын көреміз. Далалық ауызша тарих айту дәстүрі тарихи сана мен жадтың айнасы екендігін дәлелдеді.

Алтын Ордалық тарихнамалық дәстүрдің ерекшелігі ретінде тарихнамаға жекелеген рулар тарихы, жергілікті әулиелердің және аңыздарда бейнеленген танымал кейіпкерлерінің тарихын енгізу арқылы айқындалғанын тұжырымдай аламыз. Уақыт өте келе бұл дәстүр мұсылмандық әлем бейнесі мен тарихнамасына енгізілді. Бұл дәстүрдің таралуына және түркі халқының санасына енуіне оның фольклорлық, эпикалық жүйелерге жақындығы ықпал еткен.

Алтын Орданың дәстүрлі тарихнамасы XIV-XVI ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында орыналған оқиғалардың этникалық сипатын айқын көрсетеді. Кей мәліметтердің аңыз-әңгіме, апсаналар түрінде сақталғанына қарамастан, өткен тарихи оқиғалар желісі туралы жалпы тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Тарихи тұлғалар, күрделі тарихи-саяси оқиғалар бұл деректердің өзегін құраған.

Алтын Орданың дәстүрлі ауызша тарихнамасында XIII-XV ғасырлардағы оқиғалар нақты көрініс берген. Тарихи оқиғалардың дәстүрлі тариханама өкілдерінің шығармаларында бейнеленуі оның шынайлығы мен өзіндік ішкі мазмұнының бай болуымен ерекшеленеді.

Осы тұрғыдан алғанда Алтын Орда дәстүрлі тарихнаманың маңызды шығармаларының бірі әрі біргеіі түрік халықтарының батырлық жырлары мен дастандарындағы мәліметтер аса құнды болып табылады.

Қазіргі таңда ұлттық тарихымызға қатысты құнды деректер ғылыми айналымға енгізілуде. Осы орайда Алтын орданың дәстүрлі тарихнамасын айқындайтын ғылымға белгісіз нақты басқа да шығармалардың табылып қалуы бек мүмкін. Дегенмен, қолда бар туындыларды (далалық тариханамаға жатқызылған жазбаша шығармалар мен ауыз әдебиеті үлгілері) кешенді түрде зерттеудің өзі де маселені жаңа тұрғыдан көмектесуге

мүмкіндік берері сөзсіз. Мақалада қолданылған ұғымдар («Алтын Ордалық тарихнама» және т.б.) мен тұжырымдар зерттеушілер арасында пікірталас тударуы мүмкін. Дегенмен, бұл аталған кезеңдегі қоғамдық, тарихи ой сананың ерекшелігі қандай болды, постордалық кезеңдегі тарихи жадтың ортақтығы немесе ерекшелігі туралы тұжырымдар қалай қалыптасты деген

сауалдарға жауап іздеудің бір қадамы ғана болды.

Қаржыландыру

Зерттеу жұмысын ҚР Жоғарғы білім және ғылым министрлігі (бұрынғы ҚР Білім және ғылым министрлігі) Ғылым комитеті қаржыландырған (грант №BR10965240).

Әдебиеттер тізімі

- Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т. 39. Батырлар жыры. – Астана: «Фолиант», 2006. – 448 б.
- Бартольд В.В. Сочинения. Т. 2. Ч. 1. / В.В. Бартольд. – Москва: Наука, 1998. – 1024 с.
- Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Том 4 / Ч.Ч. Валиханов. – Алма-Ата, 1985. – 461 с.
- Едіге батыр. – Алматы: Ғылым, 1996. – 352 б.
- Елеусізұлы Қ. Адамның сұңқары: тарихи-танымдық жинақ / Қ. Елеусізұлы. – Алматы: Жазушы, 2011. – 144 б.
- Ерофеева И.В. «Добрый» или «святой» Джанибек-хан (1342–1357) в устной исторической памяти кочевников-казахов // Золотоордынское обозрение. – 2011. – Т. 9. – № 1. – С. 149–165.
- Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Ленинград, 1974. – 728 с.
- Исин А. Казахское ханство и Ногайская Орда во второй половине XV-XVI вв. / А. Исин. – Алматы: Наука, 2004. – 160 с.
- История татар с древнейших времен Т. 3. Улус Джучи (Золотая Орда). XIII - середина XV в. – Казань, 2009. – 1053 с.
- Кочекаев Б.А. Ногайско-русские отношения в XV-XVIII вв. / Б.А. Кочекаев. – Алма-Ата: Наука КазСР, 1988. – 272 с.
- Қазақ (1975) КСР ҒА Орталық ғылыми кітапханасының қорында сақтаулы қолжазбалар жинағының библиографиялық көрсеткіші. Бірінші бөлім. Алматы, 192 б.
- Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. Батырлар жыры. – Алматы, 1975. – Т.1. – 244 б.
- Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. XV-XIX ғасырлардағы ақындар шығармалары. – Т.4. – Алматы, 1985. – 30 б.
- Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. Ертегілер. – Алматы, 2003. – Т.7. – 224 б.
- Батырлар жыры. Қырымның қырық батыры (Мұрын жыраудан жазылған мұралар). – Алматы: Жазушы, 1989. – Т. 5. – 380 б.
- Материалы по истории Киргизов и киргизии. Вып. I. – Москва: Наука, 1973. – 280 с.
- Мелиоранский П.М. Сказание об Едигее и Тохтамышше. Приложение к сочинениям Ч.Ч. Валиханова // Записки РГО по отделению этнографии. – Санкт-Петербург. – Т. XXIX. – 1905.
- Муминов А.К. Ханафитский мазхаб в истории Центральной Азии. – Алматы, 2015. – 400 с.
- Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. – Петроград: Типография В.Д. Смирнова, 1917. – 198 с.
- Сабитов Ж.М. Второстепенные персонажи эпоса Едиге // Золотая Орда: история, государственность, культурное наследие. Нур-Султан, 2019. – С. 97-112.
- Скрынникова Т.Д. Харизма и власть в эпоху Чингис-хана / Т.Д. Скрынникова. – Москва, 1997. – 216 с.
- Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. / Т.И. Султанов. – Москва, 2002. – 160 с.
- Трепавлов В.В. История Ногайской Орды / В.В. Трепавлов. – Москва, 2002. – 752 с.
- Трепавлов В.В. История Ногайской Орды /3-е изд., испр. и доп. / В.В. Трепавлов. – Москва, 2020. – 1040 с.
- Сочинения Ч.Ч. Валиханова. Изд. под ред. Н.И. Веселовского // Записки императорского географического общества по отделению этнографии. – 1904. –Т.29.

Тизенгаузен В. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды извлечения из арабских источников / В. Тизенгаузен. – Санкт-Петербург, 1884. – Т.1. – 564 с.

Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа / М. Тынышпаев. – Ташкент, 1925. – 62 с.

Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. Факс., пер., транск., текст. прим., исслед. В.П. Юдина. – Алматы, 1992. – 296 с.

Федоров-Давыдов Г.А. Кочевники восточной Европы под властью золотоордынских ханов. – Москва, 1966. – 276 с.

DeWeese D. Islamization and Native Religion in the Golden Horde. Baba Tukles and Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition. Pennsylvania State University. – 1994. – P. 11.

М.С. Ногайбаева

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Становление и особенности золотоордынской традиционной историографии

Аннотация. В статье исследуются историческая мысль, историческая традиция и традиционная историография золотоордынского периода. Анализируется взаимосвязь, особенности степной устной истории и традиции письменной истории, рассматривается характер, специфика формирования, преемственность историографии Золотой Орды (традиции повествования, написания истории).

Особенности формирования золотоордынской исторической традиции определяются посредством исследования характера и отношений традиций степной устной истории и письменной культуры. Историческое повествование и письменная традиция, сложившиеся в государстве Золотая Орда, выступают как синтез устной и письменной исторической традиции. Произведения Утемиш-Хаджи и Абулгази Бахадур хана можно рассматривать как яркое воплощение устных исторических традиций, сложившихся и получивших развитие в эпоху Золотой Орды. Для традиционной историографии Золотой Орды характерны произведения письменной культуры наряду с образцами устной истории либо фольклора. Очевидно, что письменная историческая традиция традиционной историографии Золотой Орды находилась в соответствии с широко распространенной в тот период тюрко-мусульманской письменной традицией, но формировалась преимущественно под влиянием традиционной устной истории.

Следует сделать вывод, что специфика золотоордынской историографической традиции определяется включением в историографию истории отдельных родов, жизнеописания местных святых и известных персонажей, о которых повествуется в легендах. Со временем данная традиция вошла в мусульманскую картину мира и историографию. Распространению этой традиции и проникновению в сознание тюркского народа способствовала ее близость к системам фольклорных и эпических жанров.

Особенности исторической действительности, характерные для Восточного Дешт-и-Кыпчака XIII-XV веков, наиболее ярко проявляются в традиционной устной историографии Золотой Орды по сравнению с классическими письменными источниками. В произведениях представителей традиционной историографии наряду с внешним содержанием исторической действительности отражается и его внутренний смысл.

Ключевые слова: Золотая Орда; историческое сознание; традиционная историография; устная история; фольклор; письменные источники.

M.S. Nogaibayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Formation and features of the Golden Horde traditional historiography

Abstract. The article examines the historical thought and tradition of oral history of the Golden Horde period, as well as traditional historiography. It analyzes the relationship, and features of the Steppe oral history and the traditions of written history, and considers the nature, specifics of formation, and continuity of the historiography of the Golden Horde (traditions of narration, writing history).

The peculiarity of the formation of the Golden Horde historical tradition is determined by the study of nature and relations between the oral historical narrative tradition and the written culture in the Steppe. The history-telling and writing tradition developed in the Golden Horde state is distinguished as a synthesis of oral and written historical traditions. The works by Utemish Khadzhi and Abulgazi Bahadur Khan can be regarded as a real embodiment of the oral historical tradition, which was formed and developed in the era of the Golden Horde. The traditional historiography of the Golden Horde is also characterized by works of written culture along with samples of oral history or folklore. It is obvious that the written historical tradition of the traditional historiography of the Golden Horde was in accordance with the Turkic-Muslim written tradition that was widespread at that time but was formed mainly under the influence of the oral history tradition.

It should be concluded that the specificity of the Golden Horde historiographical tradition is determined by the inclusion in the historiography of the history of individual clans, the biographies of local saints, and famous characters, which are narrated in legends. Over time, this tradition entered the Muslim picture of the world and historiography. The spread of this tradition and penetration into the consciousness of the Turkic people was facilitated by its proximity to the systems of folklore and epic genres.

Features of historical reality, characteristic of the Eastern Desht-i-Kipchak of the 13th-15th centuries, are most clearly manifested in the traditional oral historiography of the Golden Horde in comparison with classical written sources. In the works of representatives of traditional historiography, along with the external content of historical reality, its internal meaning is also reflected.

Keywords: Golden Horde; historical consciousness; traditional historiography; oral history; folklore; written sources.

References

Babalar sozi. Zhyz tomдық. Т. 39: Batyrlar zhyry [The words of ancestors. One hundred volumes. - V. 39: Song of Heroes], (Foliyant press, Astana, 2006, 448 p.), [in Kazakh].

Bartol'd V.V. Sochineniya [Works], V. 2. P.1. Sobraniye sochineniy V 9-tomakh [Collected works in 9 volumes]. Otvetstvennyy redaktor B.G. Gafurov [Managing editor B.G. Gafurov], (Moscow, 1963, 1024 p.), [in Russian].

Valikhanov Ch. Sobraniye sochineniy v pyati tomakh [Collected works in five volumes], (The main edition of the Kazakh Soviet Encyclopedia-press, Alma-Ata, 1985, Vol. 4, 461 p.), [in Russian].

Edige batyr [Edige hero], (Gylym press, Almaty, 1996, 352 p.), [in Kazakh].

Yelesyzuly K. Adamnyn synkary: tarihy-tanyndyk zhynak [Human falcon: a historical-cognitive collection], (Zhasushy press, Almaty, 2001, 144 p.), [in Kazakh].

Yerofeyeva I.V. «Dobryy» ili «svyatoy» Dzhanibek-khan (1342–1357) v ustnoy istoricheskoy pamyati kochevnikov-kazakhov [«Kind» or «holy» Janibek Khan (1342–1357) in the oral historical memory of nomadic Kazakhs]. Zolotoordynskoye obozreniye [Golden Horde review]. 2021. Vol. 9. No. 1. P. 149–165., [in Russian].

Zhirmunskiy V.M. Tyurkskiy geroicheskiy epos [Turkic heroic epic], (Leningrad, 1974, 728 p.), [in Russian].

Isin A. Kazakhskoye khansvo i Nogayskaya Orda vo vtoroy polovine XV-XVI vv. [Kazakh Khanate and Nogai Horde in the second half of the XV XVI centuries], (Almaty, Nauka, 2004, 160 p.), [in Russian].

Istoriya tatar s drevneyshikh vremen [The history of the Tatars from ancient times], V. 3. Ulus Dzhuchi (Zolotaya Orda). XIII - ceredina XV v. [Ulus Jochi (Golden Horde). XIII - middle of the XV century], (Kazan, 2009, 1053 p.), [in Russian].

Kochekayev B.A. Nogaysko-russkiye otnosheniya v XV-XVIII vv. [Nogai-Russian relations in the XV-XVIII centuries], (Nauka KazSSR, Alma-Ata, 1988, 272 p.), [in Russian].

Kazakh KSR GA Ortalyk gylymy kytaphanasynyn korynda saktayly kolzhazbalar zhynagynyn bibliografiyalyk korsetkishi [Bibliographic index of the collection of manuscripts stored in the Central Scientific Library of the Kazakh SSR], (Almaty, 1975, Vol. 1., 192 p.), [in Kazakh].

Kazakh kolzhazbalarynyn gylymy sypattamasy. Batyrlar zhyry [Scientific description of Kazakh manuscripts. Song of heroes], (Almaty, 1975, Vol. 1, 244 p.), [in Kazakh].

Kazakh kolzhazbalarynyn gylymy sypattamasy [Scientific description of Kazakh manuscripts] XV-XIX gasyrlardagy akyn dar shygarmalary [Works of poets of XV-XIX centuries], (Almaty, 1985, Vol. 4, 30 p.), [in Kazakh].

Kazakh kolzhazbalarynyn gylymy sypattamasy [Scientific description of Kazakh manuscripts] Ertegiler [Tales]. (Almaty, 1985, Vol. 7. 224 p.), [in Kazakh].

Batylar zhyry. Kyrymnyn kyryk batyry (Murun zhyraudan zhazylgan muralar) [Song of heroes. Forty heroes of Kyrym (heritage written from Muryn zhyrau)], (Zhasushy press, Almaty, 1985, Vol. 5, 380 p. [in Kazakh].

Materialy po istorii Kirgizov i kirgizii [Materials on the history of the Kirghiz]. (Nauka press, Moscow, 1973, Vol.1, 280 p. [in Russian].

Melioransky P.M. Skazaniye ob Edige i Tokhtamyshe [The legend about Edigei and Tokhtamysh] Prilozhenie k sochineniyam Ch. Valixanova [Appendix to the works of Ch.Ch. Valikhanov]. Zapiski RGO po otdeleniyu etnografii [Notes of the Russian Geographical Society on the department of ethnography], St. Petersburg, V. XXIX. 1905, [in Russian].

Muminov A. K. Khanafit•skiy mazkhab v istorii Tsentral'noy Azii [Hanafi madhhab in the history of Central Asia]. (Almaty, 2015, 400 p.), [in Russian].

Kazak-kirgizskiy i altayskiye predaniya, legendy i skazki [Kazakh-Kyrgyz and Altai traditions, legends and fairy tales], (V.D. Smyrnova press, Petrograd, 1917, 198 p.), [in Russian].

Sabitov Zh.M. Vtorostepennyye personazhi eposa Yedige [Secondary characters of the epic Edige]. Zolotaya Orda: istoriya, gosudarstvennost', kul'turnoye naslediyе [Golden Horde: history, statehood, cultural heritage], Nur-Sultan, 2019, P. 97-112., [in Russian].

Skrynnikova T.D. Kharizma i vlast' v epokhu Chingis-khana [Charisma and power in the era of Genghis Khan]. (Moscow, 1997, 216 p.), [in Russian].

Sultanov T.I. Kochevyye plemena Priaral'ya v XV-XVII vv. [Nomadic tribes of the Aral Sea region in the XV-XVII centuries], (Moscow, 1982, 160 p.), [in Russian].

Trepavlov V.V. Istoriya Nogayskoy Ordy [History of the Nogai Horde], (Moscow, 2002, 752 p.), [in Russian].

Trepavlov V.V. Istoriya Nogayskoy Ordy [History of the Nogai Horde], (Moscow, 2002, 1040 p.), [in Russian].

Sochineniya Ch. Valixanova [Composition Ch.Valikhanov]. Izd. pod red. N.I. Veselovskogo [Publishing house edited by N.I. Veselovsky]. Zapiski imperatorskogo geograficheskogo obshchestva po otdeleniyu etnografii [Notes of the Imperial Geographical Society on the Department of Ethnography], (V. 29, 1904, St. Petersburg), [in Russian].

Tizengauzen V. Sbornik materialov otnosyashchikhsya k istorii Zolotoy Ordy [Collection of materials related to the history of the Golden Horde]. Izvlecheniya iz arabskikh istochnikov [extracts from Arabic sources], (St. Petersburg, 1884, Vol. 1., 564 p.), [in Russian].

Tynyshpayev M. Materialy k istorii kirgiz-kazakhskogo naroda [Materials for the history of the Kyrgyz-Kazakh people], (Tashkent, 1925, 62 p.), [in Russian].

Utemish-khadzhi. Chingiz-name [Genghis name]. Fax, trans., text. note, research. by V.P. Yudin. (Almaty, 1985, 296 p.), [in Russian].

Fedorov-Davydov G.A. Kochevniki vostochnoy Yevropy pod vlast'yu zolotoordynskikh khanov [Nomads of Eastern Europe under the rule of the Golden Horde khans], (Moscow, 1966, 276 p.), [in Russian].

DeWeese D. Islamization and Native Religion in the Golden Horde. Baba Tukles and Conversion to Islam in Historical and Epic Tradition. Pennsylvania State University, 1994.

Авторлар туралы мәлімет:

Ногайбаева Мендигуль Сагатовна – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, тарих факультетінің деканы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Nogaibayeva Mendigul Sagatovna – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Dean of the Faculty of History of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.